


**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚА**  
**БІЛІМ БЕРУ МИНИСТІРЛІГІ**  
**РЕСПУБЛИКА БІЛІМ ОРТАЛЫҒЫ**  
**ФИЛОЛОГИЯ ПӘНДЕРІ БЛОК МОДУЛЫ БОЙЫНША**  
**ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМНІҢ**  
**ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**ҚАЗАҚ ТІЛІ**

**VI СЫНЫП**



**ТАШКЕНТ -2018**

## ТҮСІНІК ХАТЫ

Тіл білімінің алдына қойған әлеуметтік жағдай оқушы тұлғаны пікірлеуге, бөгделер пікірін аңғаруға және сол пікір нәтижесін ауызша және жазбаша тұрғыда сауатты баяндауға яғни коммуникативтік сауаттылықты дамытуға үйренуден тұрады.

Жалпы орта білім мекемелерінде қазақ тілін оқытудың негізгі **мақсаты** – оқушылардың өзіндік пікірлерін ауызша және жазбаша түрде дұрыс әрі анық баяндайтын, кітапқұмарлық мәдениеті қалыптасқан, өзбетінше және шығармашылықпен пікірлейтін, басқалардың пікірлерін аңғаратын – қарым-қатынас және сөйлеу мәдениеті дамыған тұлғаны дайындау.

Қазақ тілін оқытудың **міндеті** – оқушыны пікірлеуге, өзгелер пікірін аңғаруға, өз пікірін ауызша және жазбаша түрде сауатты баяндай алуға бағытталған сөйлеу компетенциясын дамыту; оқушыларда грамматикаға тиісті меңгерілетін білімдерді (фонетика, лексикология, сөзжасам, морфология, синтаксис, жазу және емле, тыныс белгілер, тіл мәдениеті, стилистикаға тиісті түсініктерді) дамыту; қазақ тілінің мүмкіндіктерінен өнімді пайдалана отырып дұрыс және анық баяндай алуды дамытуға бағытталған лингвистикалық компетенцияларды қалыптастыру;

Қазақ тілі сабақтарында оқушыларды өз бетінше және шығармашылық пікірлеуге бағыттау қажет. Соның үшін осы бағдарлама негізінде жаратылушы оқулықтарда шығармашылық ойлау тәрізін қалыптастыру, сабақты оқушылардың тілдік біліктілігін жүзеге келтіруге қарату мақсат етіп алынған.

Қазақ тілі пәнінің құрамды бөліктері мен түзілу негіздері. Жалпы орта білім мектептерінің 5-11-сыныптарында өтілетін қазақ тілі пәні оқушыларды: қазақ тілінің фонетикасы, лексикасы мен грамматикасы, стилистикасы, тіл мәдениеті бойынша тілдің ауызша және жазбаша түрлерден кең және дұрыс пайдалану үшін қажет болған ғылыми-практикалық мәліметті беруді; қазақ тілінде дұрыс сөйлеу, емле мен пунктуациясының негізгі ережелерін меңгеріп алуды; түрлі сөздіктерден дұрыс пайдалана алуды; өз пікірін тіл жағдайына сай тәрізде, түрлі пішіндерде баяндай алу дағдыларын құрауды; белгілі бір хабарды немесе мәліметті түрлі пішіндерде бере алу жолдарын; күнделік тұрмыс үшін қажет болған іс қағаздарын жүргізу дағдыларын; жас және білім дәрежесіне сай болған көркем, ғылыми, саяси шығармаларды үйреніп, олар жөніндегі пікір-таластарды, жеке қатынасты ауызша және жазбаша түрде дұрыс мазмұндай алу дағдыларын беруді негізгі міндет етіп алады.

Қазақ тілін оқытудың негізгі құралдары. Алғашқы басқышта: 1. Осы бағдарлама негізінде жаратылған оқулықтар. 2. Қазақ тілі бойынша сөздіктер: “Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі”, “Қазақ тілінің антонимдер сөздігі”, “Қазақ тілінің синонимдер сөздігі”, “Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі”, “Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі”, “Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі”, “Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі”.

Бұл құралдар қазақ тіліндегі энциклопедиялар, қазақ тілі сабақтарында ауызша және жазбаша бейне үшін түсіндірмелі альбом, істетілуі керек болған қажетті сөздер берілген сурет пен бейнелер және 5-9-сыныптар үшін 46 аттағы плакаттар жинағы, “Оқытушы

кітабы”, “Диктанттар жинағы”, “Мазмұндамалар жинағы” және т.б. мен толықтырылуы мүмкін.

Білім әдісі. Білім әдісі, негізінен индуктив. Мұнда сабақтарда актив істеуші оқушының өзі. Әрбір сабақ шамамен төрт басқышты өз ішіне алады. 1. Қайталау. 2. Берілген материалдардың оқушылар тарапынан талдауы. 3. Берілген материалдарды оқытушы жәрдемінде жинақтау мен қорытынды шығару. 4. Меңгерген жинақтылықты іс жүзінде қолдау және сынау, оқу мәселелерін шешу. Оқушылардың мәтін түзу мен мәтін үстінде істеулері сабақты екінші, төртінші басқыштарында және сыныптан тыс берілетін тапсырмаларда орталық орында иелейді. Мәтіндер әр түрлі. Олардың анық түр мен көрінісі аз ғана оқулықта берілсе, негізінен, оқытушы тарапынан белгіленеді. Бағдарлама оқытушыға оқулықтағы барлық мәтіндерді өз құнты, талабы, жағдайының ыңғайлығына қарай алмастыру, оқыту үдерісін кең мағынадағы шығармашылық пен ізденімпаздық негізінде құруға толық мүмкіндік береді. Мәтін үстінде істеу тапсырмалары мен жаттығулары бұл бағдарлама мен оқулықтарға көптеп арналған. Оқушылар жаратуы тиіс болған мәтіндер бірнеше түрлі. Олардың негізгілері:

1. Сабақта алған теориялық білім мен дағдыны іс жүзінде қолдап мәтін түзу. Мұндай мәтіндер екі және үш сөйлемнен тұруы, монолог пен диалог түрінде, қысқаша бейне немесе әңгіме түрінде болуы мүмкін. Олардың анық түрін оқытушы басшылығында оқушының өзі таңдауы керек.

2. Берілген тақырып негізінде бейне (шағын мәтін). Мұндай бейнелер жазбаша және ауызша көріністерде оқушылардың жас және білім дәрежесіне тән мазмұндф көлемде орындалуы тиіс.

Қазақ тілі пәні негізінен өз ішіне география, тарих, әдебиет, педагогика-психология, логика, этика, тіл мәдениеті және стилистика пәндерін қамтиды.

Әдеби білімді оқушының оқу әрекетін қалыптастыруға бағадрлап құру – білім мазмұнын жаңартудың бір ұстанымы етіп алынды.

Жоғары даму жолында нық қадаммен бара жатқан Өзбекстан халқының рухани дүниесі мен мәдени өмірінде жаңа дәуір басталғаны шындық. Бұл өз кезегінде білімді дәуір талабы дәрежесінде алып бару талап етілуде. “Қазақ тілі” пәнін оқыту және заманауи талаптар негізінде алып бару арқылы оқушылар тарапынан білімдерді игеру және көркем шығармаларды ұғыну арқылы әдеби тәлімнің мазмұны мен мақсаты, оны ұйымдастыруда білім принциптері негізінде оқушылардың дүниетанымын белсенді қалыптастыру және дамыту талап етілуде.

Оқытудың түрлерін түсініп меңгеру үшін шетел методистері іс-тәжірибелерінен алынған мысалдармен таныстыруымыз мүмкін.

Негізгі мәселе: 1. Оқытушы шығармашылығында оқыту мақсатының ерекшеліктері. 2. Оқыту мақсатын қолданудың ішкі процесі. 3. Оқыту процесінде оқушылардың ролі.

Республикамызда ғалым Б.Блум таксаномиясы, “Кейс стади”ға негізделген оқыту технологиясы, дәстүрлі болмаған тест технологиясы, “Бумеранг”, “3x4”, “БББ”, квест-сабақтар, электрондық-виртуалдық сабақтар, қашықтан оқыту, семантикалық карта т.б. сияқты заманауи жүйелерді қолдану әдістемелері арқылы оқушыларға жоғары дәрежелі білім беру бүгінгі күннің талабы. Оқыту технологиялары, көптеген педагогикалық

инновациялық іс-тәжірибелер, авторлық мектептер мен жаңашыл – мұғалімдердің проблемалары жан-жақты талдауды және жүйелеуді талап етеді.

Қазақ тілі пәнінің IX сынып оқу бағдарламасы мемлекеттік білім стандартының талабы негізінде дайындалды. Мемлекеттік білім стандартының IX сыныптар үшін негізгі мөлшер есептеледі. Осы сыныпты бітірушілер мемлекеттік білім стандартының жоғарыдағы дәреже үшін қойылған талаптарға жауап беруі шарт.

Жалпы орты білім МБС-ның тірек оқу жоспарында қазақ тілін оқу пәнінен сыныптар бойынша оқу сағаттары төмендегіше белгіленген.

Сыныптар	V	VI	VII	VIII	IX	X	XI
Аптасына	4	4	2	2	2	1	1
Жыл бойы	136	136	68	68	68	34	34

Аталмыш оқу бағдарламасы 2018 – 2019 оқу жылында XI сынып, 2019-2020 оқу жылында VIII-IX сыныптар, 2020-2021 оқу жылында V сынып, 2022-2023 оқу жылында VI, VII, X сыныптарда басқышпа-басқыш іс жүзіне асырылады.

## **6- сынып. Қазақ тілі**

**(апталық сағаты-4, жылдық сағаты-136)**

### **Оқушылардың оқу әрекеті нәтижелеріне қойылатын талаптар:**

105-115 сөзден тұратын диктантты жазады, 10-12 сөйлемнен тұратын шығармашылық мәтін (мазмұндама) жазады, мазмұндамаға жоспар (жай) түзеді, көркем жазу, тыныс белгілері мен емле ережелеріне мойынсұныды;

**6-сынып талаптарына төмендегілер қосылады:** сөйлемшелер, қанатты сөз бен мақалдардан пайдаланады. Үйренілген сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлерін орынды қолдайды. Іс қағаздары: хабарландыру, өмірбаян жазады.

сөз құрамы мен сөзжасамды ажыратады; еркін сөз тіркестері (етістік, зат есім, сын есім, сан есім, үстеу) ді түсіндіреді;

тақырып айналасында сөйлемдерді морфологиялық талдау жасайды, үйренілген сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлерін сөйлеуде дұрыс пайдаланады.

### **Оқушылардың оқу әрекеті нәтижелеріне қойылатын талаптар: (тереңдетілген сыныптар үшін)**

121-130 сөзден тұратын диктантты жазады, 16-18 сөйлемнен тұратын шығармашылық мәтін (мазмұндама) жазады, мазмұндамаға жоспар (жай) түзеді, мәтінде шығармашылық бейне құралдарынан орынды пайдаланады.

## **ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТӨРКІНІ – ТҮРКІ ТІЛДЕР ( 7 сағат)**

**Түркі тілдер туралы мағлұмат.** Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі екендігі. Түркі тілдер тобы.

**Ана тілінің күдіреті.** Ана тілі туралы жазылған өлең, жыр мәтінімен жұмыс. Поэзиялық туындылардан көркемдегіш сөздерді танытып, мәтіндегі сөз мағыналарына тілдік талдау жасату.

**Мәтін және оның құрылысы.** Шығармашылық жұмыстың, шығарманың, мақаланың тұтас мазмұны екендігі. Мәтіндердің бірнеше бөлімдерден тұратындығы.

**Әдеби тіл мен мәтіннің байланысы.** Әдеби тілдің сөз байлығын құрайтын сөздік құрам, сөз байлығы сөз қолданылуының мағыналық ерекшеліктері. Сөздік құрамның тармақтары. Қазақ тілі лексикасы. Жалпылама лексика. Жалпы халықтың лексикасы әдеби тілдің барлық саласына енетіндігі.

**Диалектизмдер мен кәсіби сөздер.** Диалект сөздердің өзіндік белгілері. Диалект сөздердің туу себептері. Диалект сөздердің тіл мәдениетімен қатысы. Кейбір диалект сөздердің әдеби тілге ауысуы. Кәсіби сөздердің өзіндік белгілері: белгілі бір кәсіпке байланысты қолданылатындығы, сол кәсіппен айналысатындарға ғана түсініктілігі.

Термин сөздердің ғылым, техника саласымен байланыстылығы. Терминнің қолданылу аясының тарлығы, бір ғана ұғымды білдіретіндігі. Терминнің жасалу жолдары.

## **СӨЗЖАСАМ ( 18 сағат)**

**Сөз тұлғасы.** Сыныпта өтілген сөздердің жасалу жолдарын еске түсіру. Жұрнақ арқылы жасалған сөздер жалаң сөздер екенін, ол бірігіп, қосарланып, тіркесіп, қысқарып жасалған сөздер болатынын меңгерту.

**Түбір мен қосымша.** Сөздің бастапқы мағыналы бөлшектері және түбірлерге жалғанған жұрнақтар. Қосымшалардың жұрнақ пен жалғауларға бөлінуі. Жұрнақтар арқылы жасалатын туынды түбірлер мен туынды сөздер және түбірлес сөздер екендігі.

**Дара және күрделі сөздер.** Бір түбірден тұратын негізгі және туынды түбірлер, екі немесе одан көп түбірден құралған сөздер. Күрделі сөздердің жасалу жолына қарай түрлері.

**Біріккен сөздер.** Екі я одан көп сөздердің бірігуі арқылы жасалған сөздер. Біріккен сөздердің тұтаса және кіріге байланысуы. Біріккен сөздердің атаулары.

**Біріккен сөздердің емлесі.** Біріккен сөздердің жазылу тәртібі мен тұлғалық ерекшеліктері.

**Қос сөздер.** Сөздерді қосарлап немесе қайталап қолданылуы, жаңа сөз жасауды бір жолы болып табылатындығы. Қос сөздердің екі түрге бөлінуі.

**Қайталама қос сөздер.** Бір түбірдің екі рет қайталануынан жасалған сөздер. Қосымшасыз және қосымшалы түбірдің түгелдей қайталануы, бір сыңары қосымшалы, бір сыңары қосымшасыз, бір түбірдің әр түрлі қосымша арқылы жалғануы, екінші сыңары бірінше сыңарына еліктеу мәнінде келуі т.б.

**Қосарлама қос сөздер.** Қосарлама қос сөздердің анықтамасы. Қосарлама қос сөздердің құрамына қарай бірнеше түрлерге бөлінуі. Қос сөздердің жазылу емс лесі.

**Қысқарған сөздер.** Қысқарған сөздер және оның анықтамасы. Қысқарған сөздердің емлесі.

**Тіркесті сөздер.** Тіркесіп күрделі сөз болатын сөз таптары. Сөздің жасалуынан сыныпта өткенді қайталау.

**Бақылау жұмысы**

**Әдебиеттер:** 9, 11, 15, 16, 22

## **МОРФОЛОГИЯ (90 сағат)**

### **СӨЗДЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ**

**Атауыш, көмекші және одағай сөздер.** Сөйлемде қолданылатын сөздердің мағыналары бірдей бола бермейтіндігі. Сөйлемде белгілі бір мағаныны білдіретін, белгілі бір ұғымның атау болып табылатындығы. Өз алдына мағаны білдіре алмайтын, басқа сөздер жетегінде жұмсалатын сөздер мен көңіл-күйді білдіретін сөздер тобы.

**Сөз таптары морфологиясы. Зат есім.** Қазақ тілін 9 сөз табы бар екендігі. Зат есімнің анықтамасы. Жалқы және жалпы зат есімдер болып бөлінуі.

**Зат есімнің жасалуы.** Зат есімдер негізгі, туынды және күрделі зат есім болып үшке бөлінуі. Зат есімдердің бірігу, қосарлану, тіркесу арқылы жасалуы.

**Деректі және дерексіз зат есімдер.** Нақтыды тануға болатын зат атаулары мен көзге көрінбейтін, адамның ойлауы нәтижесінде ғана танылатын құбылыс, ұғым атаулары.

**Сын есім.** Сын есім туралы түсінік. Сын есімнің маңызды белгілері, сұрақтары.

**Сын есімнің жасалуы.** Негізгі және туынды сын есімдер. Есім сөзден сын есім тудыратын жұрнақтар мен етістіктен сын есім тудыратын жұрнақтар, күрделі және дара сын есімдер тобы.

**Сын есімнің мағыналық түрлері.** Сапалық және қатыстық сын есімдер. Сын есімнің сөйлемдегі қызметі. Сын есімнен өткенді қайталау.

**Сан есім.** Сан есім туралы түсінік. Сан есімнің сұрақтары мен сөз табы болатын сан есімдер тобы.

**Дара және күрделі сан есімдер.** Бір түбірден құралған немесе екі я одан да көп түбірдің тіркесінен, қосарлануынан жасалған сан есімдер тобы.

**Сан есімнің түрлері. Есептік сан есім.** Есептік сандардың қолданылатын орындары.

**Реттік сан есімдер.** Реттік сан есімдердің жасалу жолдары. Реттік сан есімдердің қолданылатын орындары, жазылу емлесі.

**Жинақтық сан есімдер.** Олардың жасалу жолдары. Жинақтық сан есімдердің қолданылатын орындары.

**Болжалдық сан есімдер.** Болжалдық сан есімдердің жұрнақ арқылы жасалуы. Болжалдық сандардың қосарланып, тіркесіп жасалуы. Болжалдық сан есімдердің қолданылатын орындары, жазылу емлесі.

**Топтау сан есімдер.** Олардың жасалу жолдары. Топтау сан есімдердің қолданылатын орындары, емлесі.

**Бөлшектік сан есімдер.** Олардың жасалу жолдары. Бөлшектік сан есімдердің қолданылатын орындары.

**Сан есімнің емлесі.** Сан есімдердің сөйлемдегі қызметі емлесі.

**Сан есімді қайталау.**

**Есімдік туралы түсінік.** Есімдіктердің мағынасын қарай топқа бөлінуі. Есімдіктен 5-сыныпта өткенді еске түсіру.

**Есімдіктің түрлері. Жіктеу есімдігі.** Қолданылатын орындары, сұрақтары.

**Сілтеу есімдігі.** Мағыналық ерекшеліктері, қолданылатын орындары, сұрақтары.

**Сұрау есімдігі.** Қолданылатын орындары мен сұрақтары.

**Өздік есімдігі.** Қолданылатын орындары мен сұрақтары.

**Жалпылау есімдігі.** Қолданылатын орындары, сұрақтары. Жалпылау есімдігінің сызықшамен жазылуы.

**Болымсыздық есімдігі.** Қолданылатын орындары, сұрақтары. Болымсыз есімдіктерінің жазылу емлесі.

**Белгісіздік есімдігі.** Қолданылатын орындары, сұрақтары. Белгісіздік есімдіктерінің жазылу емлесі.

**Есімдіктердің емлесі.** Есімдіктердің қолданылу ерекшеліктері.

**Есімдікті қайталау.**

**Бақылау жұмысы**

**Етістік туралы түсінік.** Етістік туралы жалпы мағлұмат. Етістіктің сұрақтары. Негізгі және туынды етістік. Етістіктің басқа сөз таптарынан сөз тудырушы жұрнақтар арқылы жасалатын туынды түбір және туынды етістік болып бөлінетіндігі.

**Дара етістік пен күрделі етістік.** Бір ғана сөзден тұратын негізгі етістіктер мен екі я одан да көп сөзден құралып, бір ғана мағынаны білдіретін күрделі етістіктер тобы. Негізгі және көмекші етістіктер.

**Болымды және болымсыз етістіктер.** Болымды және болымсыз етістіктердің анықтамасы мен жасалу жолдары. Болымды және болымсыз етістіктерді салыстырып оқытып, мағыналық айырмашылығына көңіл бөлу.

**Сабақты етістік пен салт етістік.** Мағынасы жағынан тура объектін, табыс септіктегі сөзді қажет ететін немесе табыс септігін қажет етпейтін етістіктер тобы. Салт етістіктердің септік жалауларымен байланысуы.

**Етістер. Өздік етіс.** Етістер туралы жалпы түсінік. Етістердің түрлері.

Өздік етістің анықтамасы мен жалғану жұрнақтары.

**Өзгелік етіс.** Өзгелік етістің анықтамасы мен оның жұрнақтар арқылы жасалуы.

**Ырықсыз етіс.** Ырықсыз етістің анықтамасы мен оның жұрнақтар арқылы жасалуы.

**Ортақ етіс.** Ортақ етістің анықтамасы мен оның жұрнақтар арқылы жасалуы.

**Есімше.** Есімшенің анықтамасы мен сұрақтары. Есімше болатын сөз таптары.

**Есімшенің жасалуы мен түрлері.** Есімшенің етістіктің негізгі және туынды түбірлеріне, сондай-ақ етіс және болымсыз етістік тұлғаларына қарай жұрнақтар арқылы жасаулы жайында мәлімет.

**Көсемше.** Көсемшенің анықтамасы. Көсемшенің екі түрлі мәнде, екі түрлі қызметте қолданылатындығы. Көсемшенің жұрнақтары.

**Көсемшенің жасалуы мен түрлері.** Көсемшенің етістік түбірлеріне немесе етіс, болымсыз етістік тұлғаларына жұрнақтар арқылы жасалуы.

**Тұйық етістік.** Тұйық етістіктің анықтамасы. Тұйық етістіктің септік және тәуелдік тұлғада келуі.

**Тұйық етістіктің емлесі.** Дауыссыз быдыстарына біткен етістіктерге, дауысты **ы, і** дыбыстарына біткен етістіктерге, қатаң **п, қ, к** дыбыстарына біткен етістіктерге жалғанатын тұйық етістіктер.

**Етістіктен өткенді қайталау.**

**Бақылау жұмысы**

**Үстеу туралы түсінік.** Үстеудің анықтамасы мен сұрақтары. Үстеулердің қолданылу ерекшеліктері.

**Үстеудің құрамдық түрлері.** Үстеулердің құрамына қарай негізгі үстеулер, туынды үстеулер және күрделі үстеулер болып үшке бөлінетіндігі. Бұардың әрқаймынының өзіндік ерекшеліктері.

**Үстеудің мағыналық түрлері. Мезгіл үстеуі.** Мезгіл үстеудің анықтамасы, мағыналары мен сұрақтары. Мезгіл үстеудің қолданылатын орындары, мақсаты.



**Мекен үстеуі.** Мекен үстеудің анықтамасы, мағыналары мен сұрақтары. Мекен үстеудің қолданылатын орындары.

**Сын-қимыл (бейне) үстеуі.** Сын-қимыл (бейне) үстеуінің анықтамасы, сұрақтары және мағыналық ерекшеліктері. Қимыл-сын үстеулерінің құрамына қарай түрлері.

**Мөлшер үстеуі.** Мөлшер үстеуінің анықтамасы мен сұрақтары. Мөлшер үстеулерінің құрамы жағынан туынды және күрделі түбір болып бөлінетіндігі.

**Күшейткіш үстеу.** Күшейткіш үстеуінің анықтамасы мен сұрақтары. Күшейткіш үстеулерінің құрамы жағынан негізгі түбірлер болып бөлінетіндігі.

**Мақсат үстеуі.** Мақсат үстеуінің анықтамасы мен сұрақтары.

**Себеп-салдар үстеуі.** Себеп-салдар үстеуінің анықтамасы мен сұрақтары.

**Үстеудің емлесі.** Негізгі және туынды үстеулердің көбінесе айтылуынша жазылуы, сөздердің бірігуінен жасалған күрделі үстеулердің сыңарлары қалай дыбысталса, солай жазылатындығы, сөздердің қосарланып, қайталанып я тіркесуінен құралған үстеулердің жазылу орындары.

**Көмекші есімдер.** Көмекші сөздердің тілдік табиғаты, негізгі сөздердің шылауында тіркесіп, көмекшілік қызмет атқаратындығы.

**Көмекші етістіктер.** Көмекші етістіктің сөйлемде атқаратын қызметіне қарай негізгі етістік және көмекші етістік болып бөлінетіндігі және олардың анықтамалары.

**Әдебиеттер:** 9, 14, 16, 17, 19, 20, 22

## **ТІЛ МӘДЕНИЕТІ ( 2 сағат)**

**Тіл мәдениеті .** Тілдің екі түрде қызмет етуі. Сөйлеу тілі мен жазба тілі. Тілдің қызметі.

### **ЖҰРТ АЛДЫНДА СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ (1 сағат)**

**Жұрт алдында сөйлеу мәдениеті.** Жұрт алдында сөйлеудің түрлері: мұғалімдердің оқушылардың, баяндамашылардың, дикторлардың сөйлеу ерекшеліктеріне, олардың жазба тілден айырмашылықтарына тоқталу. Ойды жеткізудің тілден тыс көмекші құралдары (ым-ишара, дауыс ырғағы, күші, қимыл-қозғалыс) тақырыптың мазмұнымен астарласып, соның мақсатын ашатындай қызмет атқаратынын талдату.

**Әдебиеттер:** 7, 8, 11, 15

### **ЖЫЛДЫҚ ҚАЙТАЛАУ (2 сағат)**

**Бақылау жұмысы –16 сағат**

**6- сынып. Қазақ тілі пәнінен тақырыптық жоспар**

№	Тақырыптар аты	Жалпы сағат		
		жалпы	теориялық	практика
1	Қазақ тілінің төркіні – түркі тілдер	7	7	
2	Сөзжасам	18	18	
3	Морфология	90	90	
4	Тіл мәдениеті	2	2	
5	Жұрт алдында сөйлеу мәдениеті	1	1	
6	Жылдық қайталау	2	2	
7	Бақылау жұмысы	16	16	
	<b>Жалпы</b>	<b>136</b>	<b>136</b>	